

Дарынды оқушымен жүргізілген жұмыс есебі

Мақсаты: Айырықша қабілетті, дарынды білім алушыларды қабілетін анықтау, оларға қолдау көрсету. Дарынды балалармен тұрақты, жүйелі жұмыс жасап, олардың табиғи қабілетін ашу.

Дарын – бұл табиғаттың берген сыйы болса, оқушы бойындағы жылт еткен сәулені сөндіріп алмай, әрі қарай шыңдау – ұстаздың кәсіби біліктілігіне байланысты. «Дарынды оқушы – ұлт болашағы» десек, әр мемлекеттің болашағы мектебінде шыңдалады. Қыркүйек айында оқушылардың ой-өрісін зерттеу арқылы дарынды оқушыларды анықтау және жас ақындармен жұмыс жоспарланған болатын. Қыркүйек айында оқушылардың ой-өрісін зерттеу арқылы дарынды оқушыны анықтадым. Ол Каркен Нұрдаулет және Әлібек Арман. Қыркүйек айында өткен «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастырған «Кенгуру» ойын конкурсына 4 сыныбынан 2 оқушы қатысты. Оқушылармен конкурсқа дайындық жұмыстары жүргізілді. Логикалық есептерді шығару жолдары, зерттеуге берілген есептер талқыланды. .

Осы аталған конкурсқа Каркен Нұрдаулет, Әлібек Арман қатысып, өздерінің білімін сынға салып, артқан үмітті ақтады.



«Алтын сақа» математикалық олимпиадасына да дайындық жұмысы жүргізілді. Олимпиаданың мектепшілік кезеңіне Каркен Нұрдаулет, Сәкен Әнел, Әлібек Арман қатысып, Арман аудандық кезеңге өтті

Каркен Нұрдаулет, математика пәніне қабілеті өте жоғары. Қиын тапсырмаларды сүйсіне орындайды, проблеманы тереңінен қарауға ұмтылысы бар. Сол себепті білім алушыға математикалық-логикалық тапсырмаларды жиі ұсынып тұрамын. Әр сабақта оқушының ой-өрісінің өсуіне жағдай жасалады.

Әлібек Арман әдебиет пәніне жақын, өлеңдерді, шығармаларды сезімталдықпен жеткізе алатын шеберлігі бар. Түрлі тақырыпта, мәнерлеп

өлең оқу, әдеби шығармаларға талдау жасау қабілетін шыңдау мақсатында берілген тапсырмаларды білім алушы қызығушылықпен орындайды.

Арман күрделі жұмыстарға шығармашылықпен бара алады. Мәселені шешуде тез жол таба алады. Барлық пәнді сүйсіне оқи алады. Көпбасшылық қабілеті жоғары. Дарынды білім алушылармен жұмыс әрі қарай да өз жалғасын табады.

Бастауыш сынып мұғалімі: А.С. Дарибаева

«Бірлік орта мектебі» МКМ 3 «А» сыныбында дарынды білім алушылармен жұмыс есебі

Мақсаты: Дарынды оқушының ақыл-ойының, эмоционалды және әлеуметтік дамуы мен ерекшеліктерінің өзіндік ашылу деңгейі мен өлшемін ескеру.


-Жан-жақты ақпараттандыру;

-Білімнің бағасын арттыру;

-Пән бойынша білім-білік дағдыларын тереңдету, өз ойын еркін жеткізуге үйрету, өзіндік білім алуға жетелеу;

-Дарынды оқушыны жан-жақты дамыту, ізденістік жолға ынталандыру;

Дарынды бала белгілі бір әрекетте жарқын, айқын, кейде өте жоғары жетістіктермен ерекшеленетін бала. Дарынды балаларды айқындау бақылаудың негізінде, сөйлеу, есте сақтау, логикалық ойлау қабілетін зерделеу барысында айқындалады. 2023-2024 оқу жылының басында өз сыныбымдағы дарынды оқушыларды анықтадым. Математика бағыты бойынша ерекше қабілеттерімен дараланған оқушылар Ерланұлы Арлан, Нұркерім Аяна және Мейрамғазы Айсана. Қыркүйек айында өткен «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастырылған «Кенгуру» ойын конкурсына 2 оқушымы қатысып 1 дәрежелі дипломмен марапатталды. Олар Ерланұлы Арлан, Тлеуберген Дильназ. Оқушылармен дайындық жұмыстары жүргізілді. Мектепшілік «Алтын сақа» математикалық олимпиадасында Нұркерім Аяна І орынға ие болып, аудандық кезенге жолдама алды. Дарынды білім алушылармен қосымша тапсырмалар беріліп, жұмыстар жүргізіліп тұрады.



«Бірлік орта мектебі» мкм бойыша 3ә сыныбында дарынды білім алушылармен жүргізілген жұмыс есебі

Мақсаты: Дарынды балалармен тұрақты, жүйелі жұмыс жасап, олардың табиғи қабілетін ашу. Айырықша қабілетті, дарынды білім алушылардың қабілетін анықтау, оларға қолдау көрсету.

Дарын - бұл табиғаттың берген сыйы болса, оқушы бойындағы жылт еткен сәулені сөндіріп алмай, әрі қарай шыңдау-ұстаздың кәсіби біліктілігіне байланысты. «Дарынды оқушы-ұлт болашағы» десек, әр мемлекеттің болашағы мектебінде шыңдалады. Қыркүйек айында оқушылардың өр-ойысын зерттеу арқылы дарынды оқушыны анықтадым. Математика бағыты бойынша және Марат Айару әдебиеттік оқу пәні бойынша. 26-30 қыркүйек күндері өткен «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастырған «Кенгуру» ойын конкурсына 3 «ә» сыныбынан 4 оқушы қатысты оның бір оқушысы бірінші дәрижелі орын алды қалған үлгі алушылар алғыс хатқа ие болды. Оқушылармен конкурсқа алдын-ала дайындық жұмыстары жүргізілді. Білім алушылармен бірге математикадан логикалық есептердің, зерттеуге берілген есептердің, жанама түрде тұжырымдалған есептердің шығару жолы талқыланды.



«Бірлік орта мектебі» мкм бойынша математика пәнінен дарынды білім алушылармен жүргізілген жұмыс есебі.

Мақсаты: Математика пәнінен қабілеті жоғары білім алушылардың интеллектуалдық, шығармашылық, жеке тұлғалық мүмкіндіктерін ашуға көмектесу, пәнге деген қызығушылығын арттыру, жеке жұмыс жасай білу дағдысын қалыптастыру.

Дарын –бұл адамның өз бейімділігі арқылы, шығармашылықпен жұмыс істеу арқылы қалыптасатын қасиет. Қыркүйек айында білім алушылардың ой –өрістерін зерттеу арқылы дарынды білім алушылар анықталды. Олар 5а сынып білім алушылары Қанат Айбике, Исағұл Бекнар , Бекзат Ақжол. 10 сынып білім алушылары Қыдыркелді Жан, 10ә сынып білім алушылары Ералы Толқын, Жұлдызқызы Аружан,. 26-30 қыркүйек күндері өткен «Дарын» республикалық ғылыми практикалық орталығы ұйымдастырған «Кенгуру» ойын конкурсына 5а сынып білім алушы Исағұл Бекнар қатысып, сертификат алды. 10 сынып білім алушылары Жұлдызқызы Аружан мен Қыдыркелді Жан қатысып, 3- дәрежелі дипломмен марапатталды.



29- қыркүйек күні 5-6 сынып білім алушыларына арналған «Алтын сақа» олимпиадасының мектепшілік кезеңі өтті. 5 сынып білім алушылардан 5 оқушы қатысып ,екі оқушы Исағұл Бекнар мен Қанат Айбике аудандық кезеңге жолдама алды.



20- кезең күні 10-11 сыныптар арасында өткізілген олимпиаданың мектепшілік кезеңі өткізілді . 10 сынып білім алушылардан 4 білім алушы қатысып ,екі білім алушы Жұлдызқызы Аружан мен Қыдыркелді Жан өңірлік кезеңге жолдама алды.

«Бірлік орта мектебі» мкм бойынша 4 а сыныбында дарынды білім алушылармен жүргізілген жұмыс есебі

Мақсаты: Айырықша қабілетті, дарынды білім алушыларды қабілетін анықтау, оларға қолдау көрсету. Дарынды балалармен тұрақты, жүйелі жұмыс жасап, олардың табиғи қабілетін ашу.


Дарын – бұл табиғаттың берген сыйы болса, оқушы бойындағы жылт еткен сәулені сөндіріп алмай, әрі қарай шыңдау – ұстаздың кәсіби біліктілігіне байланысты. «Дарынды оқушы – ұлт болашағы» десек, әр мемлекеттің болашағы мектебінде шындалады. Қыркүйек айында оқушылардың ой-өрісін зерттеу арқылы дарынды оқушыны анықтадым. Ол Асқар Айзере математика бағыты бойынша және Төлеген Абылайхан әдебиеттік оқу пәні бойынша. 26-30 қыркүйек күндері өткен «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастырған «Кенгуру» ойын конкурсына 4 «А» сыныбынан 7 оқушы қатысты. Оқушылармен конкурсқа алдын- ала дайындық жұмыстары жүргізілді. Білім алушылармен бірге математикадан логикалық есептердің, зерттеуге берілген есептердің, жанама түрде тұжырымдалған есептердің шығару жолдары талқыланды. Нәтижесінде 4 оқушы I дәрежелі диплом, 1-оқушы II дәрежелі диплом иеленді.



Осы аталған конкурсқа Асқар Айзере, Төлеген Абылайхан қатысып, өздерінің білімін сынға салып, артқан үмітті ақтады.



«Алтын сақа» математикалық олимпиадасына да дайындық жұмысы жүргізілді. Олимпиаданың мектепшілік кезеңіне Төлеген Абылайхан, Баймолда Айдос қатысып, Айдос аудандық кезеңге өтті.



Асқар Айзеренің математика пәніне қабілеті өте жоғары. Қиын тапсырмаларды сүйсіне орындайды, проблеманы тереңінен қарауға ұмтылысы бар. Сол себепті білім алушыға математикалық-логикалық тапсырмаларды жиі ұсынып тұрамын. Әр сабақта оқушының ой-өрісінің өсуіне жағдай жасалады.

25.09.21

Оқушының аты-жөні: *Асқар Айзерен*
 20-сабақ. Көптеп Байланыс өсетін құрастыр және аларды шығар.

Жұмысшының	3 жұмыс	Арнайышының
20 жұмыс	3 жұмыс	240 жұмыс
25 жұмыс	3 жұмыс	300 жұмыс
30 жұмыс	3 жұмыс	360 жұмыс

Жұмысшының (XX)	3 жұмыс (XX)	Арнайышының (XX)
20 жұмыс	3 жұмыс	180 жұмыс
25 жұмыс	3 жұмыс	240 жұмыс
30 жұмыс	3 жұмыс	300 жұмыс

XX	XX
1 жұмыс	30 жұмыс
2 жұмыс	40 жұмыс
3 жұмыс	50 жұмыс

26.09.21

Оқушының аты-жөні: *Асқар Айзерен*
 21-сабақ. Берілген сандарды бөлімшілік белгілеріне қарай топтарына бөл:

79220, 721608, 64805, 40195,
 64180, 64586, 647294, 490860

28.09.21

Оқушының аты-жөні: *Асқар Айзерен*
 24-сабақ. Қалыңдықтан бөлуді орында

825 890:100=	58 201:10=	965 550:1000=
852 123:100=	692 524:1000=	824 472:100=
825 890:100=825 (қалдық 90)	965 550:1000=965 (қалдық 500)	
852 123:100=852 (қалдық 23)	824 472:100=824 (қалдық 72)	
58 201:10=5820 (қалдық 1)		
692 524:1000=692 (қалдық 524)		

Төлеген Абылайхан әдебиет пәніне жақын, өлеңдерді, шығармаларды сезімталдықпен жеткізе алатын шеберлігі бар. Түрлі тақырыпта өлең шығару, мәнерлеп өлең оқу, әдеби шығармаларға талдау жасау қабілетін шыңдау мақсатында берілген тапсырмаларды білім алушы қызығушылықпен орындайды.



Төлеген Абылайхан,

МЕҢІҢ АУЫЛЫМ

Бірагім шықты шыңдарға,
Көп ұлттың жинап баласын.
Жайқалтын егін өсірді,
Көгертіп құмның арасын.
Атына зағы сай болған,
Өркендей бергін ауылым!
Келешегін жарқын боп,
Аман болсын қауымың!

Жақсылыққа,
С. Уәлихановтың жүйесін,
Жолымызға
Мың жүрекке жол
Білушісіміз,
Жақсылықты аман
Үйрететін,
Қамқор ұстаз ұлттың
Ұстанымы,
Шәкіртің бәлкішіміз
Қуанымы.

МЕКТЕБІМ

Мектебім – алтын босағам,
Дұрыс жолды нұсқаған.
Рақмет, ұлы шаңырақ
Өмірге қадам бастырған.
Білімнің кілтін ұстатқан,
Қоңілме сенім ұялатқан.
Бірлік орта мектебім
Мен өзіммен мақтанам.

Абылайхан күрделі жұмыстарға шығармашылықпен бара алады. Мәселені шешуде тез жол таба алады. Барлық пәнді сүйсіне оқи алады. Көшбасшылық қабілеті жоғары. Дарынды білім алушылармен жұмыс әрі қарай да өз жалғасын табады.

Бастауыш сынып мұғалімі:  Қ.И. Алтаева

«Бірлік орта мектебі» мкм бойынша биология пәнінен дарынды оқушылармен дайындық жұмыстың хабарламасы

Биология пәнінен қабілеті жоғары екі оқушымен қосымша жұмыс жүргізіледі. 11 сынып оқушысы Ерназ Шалқар мен 9 сынып оқушысы Жансейіт Жібек. Аты аталған оқушылардың пәнге деген қызығушылығы жоғары. Оқушылар жылдағы мекпепішілік , аудандық пән олимпиадаларына қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүр. 2023-2024 оқу жылының түлегі Ерназ Шалқар алтын медаль үміткері. Болашақ дәрігер. Оқушылармен өткен сыныптарда өтілген тақырыптарды қайталап, тест тапсырмаларын орындаймыз. Алдымен жеңіл тапсырмадан күрделіге қарай көшеміз. Президенттік олимпиада тапсырмаларын талқылап, талдаймыз. Алдағы уақытта болатын олимпиадаға дайындық жұмысын жүргіземіз. Болашақта дарын, КҒА сынды жарыстарға қатысуды жоспарлаудамыз. Ерназ Шалқармен жұмысты талқылау сәті:

